

# Ойыл

## ЖӘРМЕҢКЕ - КӘСІПКЕР МЕН ТҰТЫНУШЫНЫҢ ТІКЕЛЕЙ САУДАСЫ

БҮГІН ӘДЕТТЕГІ ДӘСТҮРМЕН БАЙЫРҒЫ КӨКЖАР ЖӘРМЕҢКЕСІНІҢ САУДА ҚАТАРЛАРЫНДА АЛҒАШҚЫ ЖАЗҒЫ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘРМЕҢКЕСІ ӨТТІ. ЖӘРМЕҢКЕГЕ АТАУЫ АЙТЫП ТҮРҒАНДАЙ, КӘСІПКЕРЛЕР АУЫЛДЫҢ ТАЗА ӨНІМДЕРІН ӨКЕЛДІ.



Өткен сенбі күні әдеттегі дәстүрмен байырғы Көкжар жәрмеңкесінің сауда қатарларында алғашқы жазғы ауылшаруашылығы жәрмеңкесі өтті. Жәрмеңкеге атауы айтып тұрғандай, кәсіпкерлер ауылдың таза өнімдерін өкелді.

Тары-талқан, күрт-ірімшік, сары май мен қаймақ ерине ойылдықтар үшін таңсық емес. Дегенмен, аудан орталығында бұл өнімдер

тұтынушы үшін кез-келген уақытта табыла бермеуі мүмкін. Сондықтан, кәсіпкермен тұтынушының тікелей сауда жасауы үшін арнайы жәрмеңке ұйымдастырылды. «Құстың сүтінен» басқаның бәрі сөреге қойылды. Семіз сиыр мен жылқының еті 2000-2200 теңгеден ұсынылса, кг 1800 теңге 18-20 кг тартатын дөмі балдай бағлан марқаның еті де тұтынушысын тез тапты. «Дәстүрлі

емес кәсіптің» өнімін іздегендер үшін қаз-үйректің еті де бар. Арзан көкөніс те осы жәрмеңкеге арнайы өкелінді. «Қоспасы жоқ» шұбат пен қымызды да іздеушілер көп екен. Ал, арзан мал азығы селонның сыртындағы арнаулы алаңда тұрғындардың талғамына ұсынылды. Жәрмеңкені аудандық мәдениет үйінің өнерпаздары өнмен өрлеп, келушілерге есерлі көңіл-күй сыйлады.

**Р. С. ЖАЛПЫ ЖӘРМЕҢКЕГЕ БІР ІРІ ҚАРА МЕН ЖЫЛҚЫ ЕТІ ЖӘНЕ БЕС ҚОЙ ЕТІ ӨКЕЛІНДІ. КӘСІПКЕРЛЕР ОЙЫЛДЫҚТАРДЫ СҮТ ӨНІМДЕРІ МЕН ТАРЫ-ТАЛҚАНҒА ДА ҚАРҚ ҚЫЛДЫ. БАРЛЫҒЫ 200 КГ СҮТТЕН ЖАСАЛАТЫН ТАҒАМДАР МЕН 100 КГ ТАРЫ-ТАЛҚАН ЖӘРМЕҢКЕ СӨРСІНЕ ҚОЙЫЛДЫ. БІР ТОННА КӨКӨНІС ТЕ ТҰТЫНУШЫЛАРЫН ТЕЗ ТАПТЫ. 3800 БУМА ШӨПТІ ОЙЫЛДЫҚТАР БІР САҒАТТА «ТАЛАП» КЕТТІ.**  
С.ХАМЗИН.



## ПРОКУРОРДЫҢ ҰСЫНЫСЫ ТҰРАҚТЫ КОМИССИЯДА ТАЛҚЫЛАНДЫ

Өткен бейсенбі күні аудандық мәслихаттың әлеуметтік-экономикалық даму, бюджет, халықты әлеуметтік қорғау және аграрлық сала мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының отырысы өтті.

Комиссия отырысына аудандық мәслихаттың хатшысы Сәкен Займолдин, аудан прокурорының міндетін атқарушысы Нұрасхан Ермекебайұлы, аудан әкімінің орынбасары Саян Сүлейменов, кейбір аудандық мекемелер басшылары, ауылдық округ әкімдері қатысты. Күн тәртібінде «Ақтөбе облысы прокуратурасының 2022 жылғы 7 шілдесіндегі № 2-03-22-07359 заңдылықты бұзушылықты жою туралы ұсынысын қарау» мәселесі талқыланды. Мәселе бойынша хабарлама жасаған аудандық жер қатынастары бөлімінің басшысы Мәулен Төрмұратовқа «Жер Кодексінің тиісті баптарының талаптары бойынша сұрақтар қойылып жауапталып алынды. Аудандық жер комиссиясының төрағасы С.Сүлейменов пен осы комиссияның жауапты лауазымды тұлғасы М.Төрмұратовқа алдағы уақытта жер комиссиясының құрамын тек «Жер Кодексінің» талаптарына сай қалыптастыру ұсынылды.



## ЕКІ АУЫЛДЫҢ БОЛАШАҒЫ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДАМУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ



Аудан әкімі Асқар Қазыбаевтың ауылдық елді-мекендердің тұрғындарымен кездесуі өткен аптада Саралжын ауылдық округінде болды. Бүгінгі Асқар Қайырғалиұлы тұрғындармен кездесуі Бестамақта басталып, Ақкемерде жалғасты. Екі ауылдың жұртшылығымен жүздесуде аудан әкімі өткен алты айда атқарылған жұмыстар туралы баяндады. Бестамақтағы түйтілді мәселенің бірі – ұялы байланыстың жоқтығы. Есбол Оразов осы ұялы байланыстың жоқтығына ауыл тұрғындарының электронды қызметті ала-алмай отырғандығын жеткізді. Ал, атқарушы билікті алаңдатып отырған мәселе – ауыл мектебіндегі оқушы санының аздығы. Негізгі мектептің өзіне «Шағын жинақталған мектеп» мәртебесін қорғау қиын болып тұр. Сонымен қатар, қолданысқа берілгеніне екі жылға жуықтаған орталықтандырылған ауыз су құбырының жұмысына да сын айтушылар көп. Жерасты су қорының төмендеп кетуі салдарынан

ауылға ауыз су үзіліспен беріліп отыр. Осындай мәселені Ақкемер ауылының тұрғындары да көтерді. Яғни, бұл ауылда да былтыр ғана берілген құбырдың жұмысына да «базына» көп. Таза ауыз су өлі өткір мәселе болып тұр. Бұл ауылда да демографиялық даму баяу. Сондықтан, Бестамақтың «бас ауруы» болып отырған мектепке баланың жетіспеуі Ақкемердің су жаңа мектебін де келешегіне алаңдаушылық туғызды.

Мемлекет тарапынан барлық игілікті көріп отырған екі ауылдың болашағы демографиялық дамуына байланысты екенін осы бастан ескеру керек. Өйтпесе, ертен «қолымызды мезгілінен кеш сермеуіміз» мүмкін.

Кездесуден соң, аудан басшысы екі ауылда да тұрғындарды жеке сауалдарымен қабылдады.

**С.ҚОЙБАҒАРОВ,**  
Ойыл – Бестамақ – Ақкемер - Ойыл.

## БЕЛСЕНДІ БОЛУ - БЕРЕКЕНІ КЕТІРУ ЕМЕС!

АУДАН ӘКІМІ АСҚАР ҚАЗЫБАЕВТЫҢ ТҮРҒЫНДАР АЛДЫНДАҒЫ ЕСЕП БЕРУ КЕЗДЕСУЛЕРІ ӨТКЕН ЖҰМА КҮНІ САРАЛЖЫН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ОРТАЛЫҒЫ КЕМЕР ЖӘНЕ ШИҚҰДЫҚ АУЫЛДАРЫНДА ЖАЛҒАСТЫ.



Негізінен ауданның осы жылдың алты айындағы даму көрсеткіштеріне тоқталған өкім Саралжын ауылдық округіне қатысты мәселелерге көбірек көңіл бөлді. Өйткені, жол бойындағы ауыл – ауданның қақпасы іспетті. Сондықтан, уақыт ағамына орай игіліктер алдымен осы жақтан бастау алады. Ал, Саралжын ауылдық округінің кәсіпкерлері ауданда ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асуына белсенді атсалысып жатыр. Тұрғындар негізінен іргедегі Ойыл – Қобда жолының қазіргі жайы-

на алаңдаушылық білдіріп отыр. Еңбек ардагері Өтесін Қошқаров ауылдық округтерге қажетті кадрларды қамту туралы ойын жеткізсе, ауыл ақсақалы Жақсылық Бисалиев берекенің бірліктен басталатынын айтып, елді ынтымақпен іс қылуға шақырды.

Шиқұдық ауылындағы кездесуде тұрғындар негізінен ауылдың жолы мен малдың өрісі толғандыратынын айтты. Мемлекеттік бағдарламамен ауылшаруашылық техникасын алуға тырысқандар жолын сұраса, ұялы байланыстың сапасын алға тартқандар да болды.

**Р.С. БЕЛСЕНДІ БОЛУ - БЕРЕКЕНІ КЕТІРУ ЕМЕС! БҮГІНГІ ЕКІ КЕЗДЕСУДЕН ТҮЙГЕН ОЙ. ТАҢЕРТЕҢГІ САРАЛЖЫНДАҒЫ КЕЗДЕСУЕ ШИҚҰДЫҚТАН «ШАУЫП» БАҒҒАҒАНДАР ШИҚҰДЫҚТА БАҒҒАҒАНДАР СОҒЫМЫЗДАН ТАҒЫ «ҚУЫП» БАРЫП, «ЖЫРЛАРЫН» ЖАЛҒАСТЫРДЫ. ТЫРНАҚ АСТЫНАН КІР ІЗДЕП, ІРІТКІ САЛУ АБЫРОЙ БЕРМЕЙТІН ІС. БІРАҚ, АБАЙША АЙТСАҚ, АТАУЛЫ КӨМЕКПЕН «ТАМАҒЫ ТОҚ, КӨЙЛЕГІ КӨК», БАСУ АЙТҚАНДЫ «БАС САЛҒЫСЫ» КЕЛІП ТҮРҒАН КЕЙБІРЕУЛЕР «ӨЗІНІҢ БАСЫНДАҒЫ МҰНАРДЫ ЕМЕС, КІСІНІҢ БАСЫНДАҒЫ ТҰМАРДЫ КӨРҮГЕ» ТЫРЫСАДЫ...**

**Сәрікбай ҚОЙБАҒАРОВ,**  
Ойыл – Кемер – Шиқұдық - Ойыл.

## ОЙЫЛ АУДАНЫДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ САЙЛАУ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМАСЫ

Ойыл аудандық мәслихаты Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 10 бабының 3 тармағына сәйкес, уәкелік сайлау комиссияларының мүшелігін шынғып қалған бос орындарға сайлау үдерісінің басталуы туралы хабарлайды.

Өзбір саяси партия тиісті сайлау комиссиясының құрамына бір кандидатура ұсынуға құқылы. Саяси партия сайлау комиссиясының құрамына осы саяси партияның мүшесі болып табылмайтын кандидатураларды да ұсынуға құқылы. Саяси партиялардың ұсыныстары болмаған жағдайда, мәслихат сайлау комиссиясының мүшелігіне өзге қоғамдық бірлестіктердің және жоғары тұрған сайлау комиссияларының ұсыныстары бойынша сайлады.

Саяси партиялар, өзге қоғамдық бірлестіктер, олардың құрылымдық бөлімшелері және құрылған сайлау комиссиясынан жоғары тұрған сайлау комиссиялары 2022 жылдың 1 тамызынан бастап 15 тамызына дейін мәслихатқа келесі құжаттарды тапсырады:

1) сайлау комиссияларының құрамына кандидатура туралы белгілен-

ген нысан бойынша электрондық және қағаз форматтағы мәлімет;

2) аумақтық сайлау комиссиясының құрамына кандидатты ұсыну туралы саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің немесе олардың құрылымдық бөлімшелерінің, жоғары тұрған сайлау комиссиясының шешімдерінен ұзайды;

3) саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің немесе олардың құрылымдық бөлімшелерінің тіркелгендігі туралы құжаттың көшірмесі;

4) кандидаттың сайлау комиссиясының жұмысына қатысуға келісімі туралы белгіленген нысандары өтініші.

Сайлау комиссиясының құрамына ұсынылған тұлға, Сайлау туралы Конституциялық заңның талаптарына сәйкес келуі тиіс. Сайлау комиссиясының мүшелігіне кандидат аталған комиссияның құрамын қабылдастырған мәслихат орналасқан өкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында тұруы қажет.

Сайлау туралы Конституциялық заңының 23 бабының 2 тармағында көзделген, сайлау комиссиясы құрамының жартысынан көбі бір ұйымның қызметкерлері болмауы керек. Сайлау комиссияларының құрамы-

на жақын туыстары (ата-аналары, балалары, бала асырап алушылары, асырап алынған балалары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек ағайындары мен апа-сіңілілері (қарындас-тар), аталары, әжелері, немерелері) немесе жұбайы (зайыбы) кіре алмайды. Мәслихатқа ұсынылатын қағаз нысандағы барлық құжаттар қол қойылуы, мөрмен расталуы және орындалған күні, орындаушының теңі, аты-жөні және оның телефон нөмірі көрсетілген орындаушы туралы белгілі қамтуы тиіс.

Сайлау комиссияларының құрамы бойынша ұсыныстарды қабылдау 2022 жылдың 15 тамызына дейін, дүйсенбіден жұма аралығында сағат 08:00-ден 18:00-ге дейін жүргізіледі, үзіліс сағат 12.00-дан 14:00-ге дейін.

Ойыл аудандық мәслихаты, Мәслихаттың мекен-жайы: Ойыл ауданы, Ойыл ауылы, Құрманғазы көшесі 43 үй.

Жауапты тұлға - Досов Мыңжасар Кемалханұлы, қалааралық телефон: 871332), қызмет телефондары: 2-13-70, 2-11-78, факс: 2-13-70, ұялы телефон: 8-702-278-46-99 электрондық пошта: maslixat.uil@mail.ru

## ИНФОРМАЦИЯ УИЛСКОГО РАЙОННОГО МАСЛИХАТА О ПРОВЕДЕНИИ ВЫБОРОВ

Уилский районный маслихат в соответствии с пунктом 3 статьи 10 Конституционного Закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» объявляет о начальной избирательного процесса на вакантные места, вышедшие из членов участковых избирательных комиссий.

Каждая политическая партия вправе представлять одну кандидатуру в состав соответствующей избирательной комиссии. Политическая партия вправе представлять в состав избирательной комиссии кандидатуру, не являющиеся членами данной политической партии.

В случае отсутствия представлений политических партий маслихат избирает избирательную комиссию по представлению иных общественных объединений и выходящей избирательной комиссии.

Политические партии, иные общественные объединения, их структурные подразделения и выходящая, по отношению к формируемой, избирательная комиссия начиная с 1 августа до 15 мая 2022 года представляют в маслихат следующие документы:

1) сведения о кандидатурах в со-

став избирательной комиссии по установленной форме в электронном и бумажном формате;

2) выписку из решения политической партии, общественного объединения или их филиалов (представительской), вышедшей избирательной комиссии о представлении кандидатов в состав соответствующей избирательной комиссии;

3) копию документа о регистрации политической партии, общественно-общественного объединения или их филиалов (представительской);

4) заявления кандидатов о согласии на участие в работе избирательной комиссии по установленной форме.

Лицо, предлагаемое в состав избирательной комиссии, должно соответствовать требованиям Конституционного закона о выборах. Член избирательной комиссии должен проживать на территории административно-территориальной единицы, в которой находится маслихат, сформировавший состав данной комиссии.

В соответствии с пунктом 2 статьи 23 Конституционного закона о выборах, более половины состава избирательной комиссии не должны

быть работниками одной организации.

В состав одной избирательной комиссии не могут входить близкие родственники (родители, дети, усыновители (удочерители), усыновленные (удочеренные), полнородные и неполнородные братья и сестры, дедушки, бабушки, внуки) или супруг (супруга).

Все документы, представляемые в маслихат в бумажном формате, должны быть подписаны, заверены печатью, и содержать дату исполнения, отметку об исполнителе, с указанием фамилии, инициалов и номера его телефона.

Приним представлений по составу избирательных комиссий осуществляется до 15 августа 2022 года с по-неделныкца по пятницу с 08:00 до 18:00 часов, перерыв с 12:00 до 14:00 часов.

Уилский районный маслихат, Местонахождение маслихата: Уилский район, село Уил, ул.Құрманғазы 43.

Ответственное лицо – Досов Мыңжасар Кемалханұлы, междугородний телефонный код (871332), номер служебного телефона 2-13-70, 2-11-78, мобильный телефон: 87022784699, электронная почта: maslixat.uil@mail.ru

### САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫ БОЙЫНША БОС ОРЫНДАР:

Уәкелік сайлау комиссиясының нөмірі	Комиссия құрамындағы бос орын саны
№389	2
№390	1
№392	1
№395	2
№399	2
№401	1
№404	3
№405	1
№408	1

Номер участковых избирательных комиссий	Число вакантных мест
№389	2
№390	1
№392	2
№395	1
№399	2
№401	1
№404	3
№405	1
№408	1

### ВАКАНСИИ ПО ИЗБИРАТЕЛЬНЫМ КОМИССИЯМ:

# ГЕНДЕРЛІК ТЕНДІК: САЯСАТТАҒЫ ӘЙЕЛДЕР,

# ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ ЖӘНЕ ЕҢБЕКАҚЫ ТӨЛЕУДЕГІ АЛШАҚТЫҚ

Қазіргі қазақстандық қоғамда гендерлік саясатты іске асыру мемлекеттік саясаттың маңызды бағытына айналғып отыр. Оны жүзеге асыру демократияға қол жеткізудің, қазақстандық мемлекеттілікті нығайтғып, қоғамды жаңғыртудың негізгі факторларының бірі деуге болады. 2021 жылғы деректерге сәйкес, Қазақстан гендерлік тендік рейтингінде 80-орында. 2006 жылы 32-орында тұрғанымызды ескерсек, соңғы 10 жылдықтар гендерлік тендік өзекті мәселеге айналғанын байқауға болады. Осыған байланысты Халықаралық әйелдер күні қарсаңында еліміздегі гендерлік тендік саясатын жүзеге асыру, әйелдер құқығы, олардың саясаттағы рөлі, тұрмыстық зорлық-зомбылық, әйелдердің құқықтық сауатын арттыру, еңбекақы төлеудегі гендерлік алшақтық мәселелері, сонымен қоса әйелдердің экономикалық мүмкіндіктерін арттыру бағытында қолға алынғы керек шаралар жөнінде материал дайындауды жөн көреді.

Былылғы қаңтар айындағы мәлімет бойынша, елімізде 9,84 миллиард әйел бар екені анықталған. Бұл көрсеткіш бір жыл бұрынғы көрсеткішпен салыстырғанда 1,2%-ға көп. Яғни елдегі әйелдер саны республикадағы жалпы халық санының 51,4 пайызын құрап отыр. Сондықтан гендер, гендерлік тендікке қатысты көптеген мәселенің белең алуы – бесенеден белгі жайт. Себебі қоғам үздіксіз даму процесіне түскелі бері ерлер мен әйелдер үшін норма саналатын құқықтар нөмір міндеттер, дәлірек айтсақ, гендерлік ерлерді бұзғын, өзгеше бағыт ала бастады. Қазақстандағы гендерлік тендік Осы тұрғыдан әлеуметтік зерттеулердің көбірек жүргізілуі, әйелдердің талап-тілегі мен құқығы тапталмас үшін сауатты, тендікті, әділдікті қызғыштай қорғай алатын қоғам құра білгеніміз жөн. Сонымен статистикалық деректер не дейді? Егер кезінде жүргізілген статистикалық деректерге сенсек, 2006 жылы Қазақстан гендерлік тендік рейтингінде 32-орында иеленіп, дамыған 30 елдің қатарына жақындаған. Ал содан бері 14-15 жылдың бедері өткелі 2020 жылы кестеден аталышы рейтингте Қазақстанның 80-орында дейін түскенін көріп отырмыз. 2021 жылы да сол 80-орында сақтап, тоқтап тұрмыз. Қазақстанның соңғы 15 жылдағы Бүкіләлемдік экономикалық форумдағы көрсеткішіне талдау жасасақ, осы жылдары 48 позицияны жоғалтқанымызды көруге болады. Бұл бізге нені көрсетіп отыр? Гендерлік тендік динамикасы Гендерлік тендік: Әйелдердің саясаттағы рөлі Еліміздегі саяси өміріне барлық азаматтың тең дәрежеде қатысуы қамтамасыз ету мемлекетте демократия мен еркіндіктің, азаматтық қоғамның қалыптасуына ықпал етеді. Бүгінде қазақстан үкіметі әйелдердің саясатқа араласуына, олардың жай ғана саясатпен айналысып қана қоймай, шешім қабылдау деңгейінде араласқанына мәдделі болып отыр. Өйткені бұл – уақыт талабы. Осыған орай мемлекет басшысы 2020 жылы саяси партиялар туралы заңға өзгері-

стер енгізіп, бұдан бұлай партиялар мөжіліс пен мәслихат депутаттарына кандидаттар тізімін жасақтаған кезде әйелдер мен жастарға 30 пайыздық квота қарастыруды міндеттеген еді. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2022 жылы 1 ақпандағы дерегіне сәйкес, ҚР Сенатында 9 әйел, Мөжілісте 28 әйел депутат болып қызмет атқарады. Әрине, бұл аса жаман көрсеткіш емес. Сарапшы мамандардың пайынша, Мөжіліс пен Сенаттағы әйел депутаттар санын көбейту кейбір заңдық мәселелерді шешуде маңызды рөл атқарады. Заңгер, құқық қорғаушы Айман Омарова да саясатпен айналысатын әйелдер санын арттыру мақсат келгенін айтады. Оның сөзінше, сол кезде ғана әйелдерге қатысты көптеген проблема шешімін таппақ. «Бізге әйелдердің құқығын қорғайтын заң бар. Бірақ сол бар заңды әйелдердің өздері пайдалана алмайтын кезде де болып жатады. Занды дұрыс білмейді. Мемлекет басшысы партиялар туралы заңға өзгеріс енгізген тұста саяси партиялардың депутат болудан үмітті адамдарды тізімдіне әйелдер мен жастардың үлесі 30 пайыз болуға тиіс екенін айтылды. Әйелдер осы құқығын пайдаланып, саясатқа араласып, онымен айналысуды деп ойлаймын. Сенатта, Мөжілісте неғұрлым әйелдердің саны көп болса, соғұрлым олардың құқығы туралы мәселелер көтеріледі»,-дейді құқық қорғаушы А.Омарова. Әйелдердің құқықтық сауатын арттыру – жалпы қоғамда орнықтар ер мен әйелге қатысты түрлі стереотиптерден бөлек, мамандар да елімізде салыстырмалы түрде ерлер әйелдерге қарағанда білімдірек екенін айтады. Осы тұста статистикаға көз салсақ, шын мәнінде ресми деректердің мүлдем басқа екеніне күйе боламыз. Мәселен, пандемияға дейін республикада әйелдердің 73,2%-ында жоғары білімі бар екені белгілі болған. Ал ерлер арасында бұл көрсеткіш 61,1%-ды құраған. Сондай-ақ төменде берілген кестеден зерттеуші мамандардың 53,4%-ын әйелдер, 47,6%-ын ерлер құрап отырғанын көруімізге болады. Дегенмен мамандар елдегі әйелдер қауымының құқықтық сауатын арттыру керегін алға тартады. Заң саласының білікті маманы Айман Омарованың пайынша, әйелдерде жоғары не орта білімінің болғаны олардың құқықтық сауатының жоғары екеніне дәлел бола алмайды. Өйткені оның тәжірибесіне сәйкес, әйелдер жоғары білімді болса да, заңдық тұрғыдан өз талаптарын сауатты түрде жеткізеді алмайтын көрінеді. «Елімізде білім алмаған, оқуын бітірмей, тұрмысқа шығып кеткен әйелдер бар. Кейбір жағдайда тұрмысқа шыққаннан кейін отбасы мүшелері кедегі жасап, оқуын жалғастыра алмай қалғандары да жетерлік. Көбінің құқықтық сауаттылығы төмен деп айтар едім. Міне, сондай әйелдер өздерінің құқығын қорғай алмайды. Тіпті, оқыған, көзі ашық, жоғары білімді болса да, құқықтық тұрғыдан өз талаптарын сауатты жеткізе алмайды. Сондықтан әйел адамдардың

құқықтық сауаттылығын көтеру керек»,-дейді ол. Оның сөзінше, әйелдердің құқықтық сауатын арттыру меркітелген бастау алуы керек. Сондай-ақ ол қыздардың міндетті түрде білім алуы керегін, белгілі бір кәсіп меңгеру қажеттігін де тілге тиек етті. « Заң бойынша, әйел мен ер – тең. Сондықтан қыздар мен қыз баламын демей, оқып, білім алуға ұмтылуы керек. Кейбір жастар оқуын аяқтамай, отбасын құрып алады. Кейін ажырасатын кезде не отбасы жоқ, не білімі жоқ, не жұмысы жоқтығынан қиындыққа ұшырайды. Отбасын құра алдында білім алуды мақсат етуі керек»,-дейді сарапшымыз. Заңгердің тағы бір көтеріп отырған мәселесі мынау – 9 сыныптан бастап құқықтық сауатпен қоса, қыздарды белгілі бір кәсіпке баулыған жөн. «Мысалы, мектеп қабырғасында шаш кю, тігінші секілді мамандықтарды қоса оқыту керек. Толықтай болмаса да, базалық білім алып шықса да жетіп жатыр. Кейін оқу орындарына түсе алмай қалса, тіпті тұрмысқа шығып кетсе де, осындай көсіппен айналысуына мүмкіндігі болады. Міне, сондықтан 9 сыныптан бастап бір кәсіпке деген бағыт ретінде қосылып отыруы керек»,-деп атап өтті Заңгер А. Омарова. Әйелдерге қарсы тұрмыстық зорлық-зомбылық Елімізде әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесі – күн төртібінде тұрған проблеманың бірі. Әсіресе пандемия тұсында оның өбден өршігенін көз көріп, құлақ естіді. Осы тұста заңгер еліміздегі әйелдерге қатысты тұрмыс зорлық-зомбылық туралы заң жобасын реформалау керек екенін айтады. «Бұл жердегі үлкен мәселе - зорлық-зомбылықтың құрбаны тек әйелдер ғана емес, оның ішінде балалар да бар. Көпбалалы аналардың да құқығын қорғайтын заңға өзгерістер керек. Көп жағдайда олар баламен отырып, оқимай қалады немесе оқуға қаржылай мүмкіндігі бола бермейді. Әйелдердің құқығы тапталатыны рас, бірақ көбіне олардың өздері құқығын білмейді. Әсіресе зорлық-зомбылыққа ұшыраған әйелдер күйеуінен қорқады, күйеуінің таныстары барын айтады, қайда барып шағым жазарыннан да бейхабар. Кейде ажырасамын деп, бірақ күйеуім баламды бермей қояды деп, шыдап отыра беретіндері де бар. Заңгерге барып, ақыл-көнес алуға болатыны секілді қарапайым дүниелерді біле бермейді»,-дейді білікті құқық қорғаушы. Ашық деректердегі статистикалық мәліметке сүйенсек, соңғы жылдары әйелдерге қатысты тіркелген тұрмыстық зорлық-зомбылық оқиғаларының саны азайған. Соңғы 10 жыл көлемінде, дәлірек айтсақ, 2013 жылы басқа жылдармен салыстырғанда зорлық-зомбылыққа қатысты оқиғалар саны көбірек тіркелген. Ал 2019 бен 2020 жылдардағы салыстырсақ, 96 мыңнан 63 мыңға дейін азайғаны мәлім болып отыр. Бұдан бөлек Айман Омарова әйелдердің құқықтарын заңнамалық деңгейде қорғау тұрғысында алғанда Еуропа елдері, АҚШ секілді дамыған мемлекеттер алда келетінін атап өтті. Дегенмен бұл ол

жақта «мәселе жоқ дегенді білдірмейді» дейді. «Мәселен, Германияда болған кезде сондағы құрбының танысы қоластында жұмыс істейтін қызметкерінің ұлғы үйінде зорлық-зомбылыққа ұшырайтынын айтып, кеңес сұрады. Біз полицияға бару керегін айттық. Алайда ол құқық қорғау органдарына барғысы келмейтінін айтты. Сол сияқты АҚШ-тың шығысында орналасқан Солтүстік Каролина штатында әйелдерді қорғау ұйымдарын өңдей аларалдым. Оларда да тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесі бар екенін көрдім. Онда тұратын әйелдердің ұлты да, өсілігі де әртүрлі. Олар көбіне заңнан гөрі, сол-дестүрді сақтауға тырысады. Сап себептен де үйінде зорлық зомбылық көргенімен, заңға жүгінбейді»,-деп сөзін толықтырды заңгер. Жоғарыдағы диаграммада көрсетілген статистикаға назар аударсақ, бізде де әйелдердің полицияға жүгінбеуі мүмкін екенін ескерген жөн. Қазақстандағы еңбекақы төлеудегі гендерлік алшақтық мәселесі Енді гендерлік тендік тақырыбының тағы да бір қырына терең үңілсек, еңбек күшіне қатысты мәселенің қылаң беретінін байқаймыз. Оған қоса жыл сайын Қазақстанның еңбек нарығында әйелдердің үлес салмағы артып келеді. Мәселен, қазіргі өзінде экономикалық белсенді халықтың 48,5% - әйелдер. Сондай-ақ әйелдер елдегі барлық жұмыспен қамтылғандардың 48,1%-ын және барлық жалдамалы қызметкердің 48,9%-ын құрап отыр. Еңбек нарығында әйелдер үлесі (IV тоқсан, 2021 ж.) Барлығы Әйелдердің үлесі Экономикалық белсенді халық 4,49 млн 48,5% Жұмыспен қамтылғандар саны 4,24 млн 48,1% Жалдамалы жұмыспен қамтылғандар саны 3,29 млн 48,9% Алайда еңбекақы төлеудегі гендерлік алшақтық өлем елдерінің басын белгіінде сақталған. Мәселен, Ұлыбританияда, Германияда және АҚШ-та бұл көрсеткіш шамамен 17-18%-ды, Францияда, Австралияда және Нидерландта шамамен 15-17%-ды, Балтық елдерінде – 20%-ды, Жапонияда – 25%-ды және Кореяда-35%-ды, Қытайдың ауылды жерлерінде және Сауд Арабиясында ол 50%-ды құрайды. Ал жазақтарда ең аз гендерлік алшақтық Люксембургте тіркелген, онда бұл көрсеткіш шамамен 1%. М.Нәрікбаев атындағы KAZGUU Халықаралық экономика мектебінің деканы Сәуле Кемелбаеваның айтуынша, Қазақстанда да еңбекақы төлеуде алшақтық бар. «Біздің соңғы жүргізіген зерттеуіміздің нәтижесі бойынша, Қазақстанда әйелдердің орташа есеппен 25-27%-ға аз табыс табатыны анықталды. Және бұл өте тұрақты үрдіс болып отыр. Тарихи деректер жоқ, бірақ кеңестік экономикада гендерлік тендікке, әйелдердің салыстырмалы тең жағдайына қатысты марксистік идеологияның жетістіктеріне байланысты гендерлік жалақы айырмашылығы азырақ деп саналды. Алайда, қолдағы бар дерекке сүйенсек, 2000 жылдардың басынан бастап гендерлік алшақтық 25-27% -ға дейін өскен»,-деді ол университет қолдауымен Халықаралық әйелдер күніне орай ұйым-

дастырылған дөңгелек үстелде. Қазақстан экономикасына мониторинг жасайтын Ranking.kz агенттігінің мәліметінше, 2021 жылы елдегі ер адамдардың жалақысы әйелдерге қарағанда 22%-ға жоғары болған. Сондай-ақ маманның айтуынша, еңбекақы төлеудегі гендерлік алшақтық салалық сегрегациямен де байланысты. Бұл еліміздің ең бай индустриалды аймақтарында, мұнай экспорттаушы Батыс және Орталық Қазақстанда көбірек байқалып отыр. Оған қоса Сәуле Кемелбаева Қазақстандағы әйелдердің салыстырмалы түрде білімдірек екенін және олардың білім алудағы артықшылығы гендерлік жалақы айырмашылығын қысқартатынын атап өтті. Оның пайымдауынша, салалық сегрегация болмаса, бұл көрсеткіш бұдан да аз болуы мүмкін еді. Сонымен бірге ол елімізде еңбекақы төлеудегі гендерлік алшақтық өңірлерге байланысты ерекшеленетінін де тілге тиек етті. «Мәселен, елдің оңтүстік бөлігінде еңбекақы төлеудегі гендерлік алшақтық көрсеткіші төмен. Бұл көп адам үшін күштеген жаңалық болуы мүмкін, бірақ экономист маман ретінде мұның ақылы қонымы екенін жақсы түсініп тұрмын. Осылайша, саясаткерлер бұл мәселені шешу барысында, яғни гендерлік жалақы алшақтығын жою үшін деректерге негізделген саясатты әзірлеуі керек»,-дейді Халықаралық экономика мектебінің деканы. Әйелдердің экономикалық мүмкіндіктерін арттыру Қазіргі таңда әйелдердің белсенді түрде жұмысқа араласып, шешім қабылдауға қабылетті болуы – бұл гендерлік тендік үшін күрес емес, елдің бәсекеге қабылетті арттырудағы маңызды мәселенің бірі. 2020 жылы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің төртінісі отырысында мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттің қатысуымен қызмет етіп жүрген көпшілік компанияда әйелдердің үлесі өлі де төмен, яғни 5-7% шамасында екенін атап өтіп, оны арттыру үшін белгілі бір іс-шаралар қабылдау керегін баса айтқан еді. «Осындай жағдай ел тұрғындарының жартысынан астамын құрап тұрған әйелдердің әлеуетін толықтай жүзеге асыруға мүмкіндік бермейді. Кеңес мүшелері бұл мәселені жан-жақты қарастырып, мемлекеттің қатысуы бар компаниялардың басшылық органдарында әйелдердің үлесін 30%-ға дейін арттыру туралы міндетті норманы енгізу қажетті. Аталған бастаманы кезек-кезегенмен жүзеге асыру туралы ойластыруымыз керек. Бұл өз кезегінде бизнес саланы әйелдер үшін тарғымды етіп, мамандандырылған халықаралық рейтингдерде Қазақстанның позицияларын жоғары көтереді»,-деді президент өз сөзінде. Осы орайда «Цифрлық трансформация» қоғамдық қорының жетекшісі, «Techno women», «Гендерлік көлтала» қоғамдастығының жетекшісі Азиза Шөкеева мемлекет басшысы айтқан көрсеткіштерге жету үшін қолға алу керек іс-шаралар жөнінде өз пікірмен бөлісті. Ол Халықаралық әйелдер күні қарсаңында М. Нәрікбаев атындағы KAZGUU-дің қолдауы-

мен өткен іс-шарада бірқатар мәселеге тоқталды. Оның айтуынша, әйелдердің экономикалық мүмкіндіктерін арттыру мақсатында институционалды реформалар жасау, әлеуметтік саясатты модернизациялау, қоғамдағы әйелдердің мәртебесін көтеру, сонымен қатар цифрландыру саласына әйелдерді көптеп тарту керектігін күннің ең бір өзекті мәселесі болып отыр. «Біріншіден, әйелдердің экономикалық мүмкіндіктерін кеңейту үшін ұлттық жоспарын әзірлеу керек. Сонымен қоса дискриминацияны жою бойынша заңнамаға талдау жүргізіп, гендерлік теңестіретін қалыптастыру туралы заң қабылданып, еңбек кодексіне және өзге де заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырлар енгізілуі керек. Сонымен бірге әйелдерге арналған ресурстық орталықтар желісін құрып, дағдарыс орталықтарын жаңғырту қажет»,-деді ол. Бұдан бөлек әлеуметтік көсіпкерлікті ынталандыратын әйелдерді жұмыспен қамту бағдарламысын әзірлеу, әйелдер көсіпкерлігін қолдау және қаржылық ресурстардың қолжетімділігін арттыру, несие беру жасын ұлғайту бағдарламаларын іске қосу қажет екенін тілге тиек етті. Сондай-ақ әлеуметтік саясатты жаңғырту асығында ана мен баланы қолдау жүйесін реформалау, әлеуметтік қызметкердің мәртебесін көтеру, балалармен және ерекше жұметтіктері бар адамдармен қамтып істейтін мамандарды дайындау үшін инфрақұрылым құру, кішкентай балалары бар әйелдерге, жалғыз басты ата-аналарға қолайлы еңбек жағдайларын жасау керегін де атап өтті. «IT мамандықтары бойынша қыздарға арналған гранттар санын көбейту, бағдарламалау және басқа да дағдыларды үйрету үшін қыздарға арналған тегін сабақтарды ашу керек. Аймақтарда қыздарға арналған қолжетімді қолдау және цифрлық дағдыларды оқыту курстарын қолға алу қажет»,-деді Азиза Шөкеева. Жалпы бәсекеге қабылетті ел болу үшін де мемлекеттік және қоғамдық саясатта гендерлік тендікті нығайту, әйелдер мен балалардың құқығын қорғау, олардың құқықтық сауаттылығын арттыру, саясатпен айналысатын әйелдер санын көбейту керек. Гендерлік саясатты жүзеге асыру - демократияға жетудің негізгі факторларының бірі екенін ұмытпаған жөн. Қазіргі қазақстандық қоғамда тиімді гендерлік саясатты іске асыру үшін халыққа гендерлік құқықтар мен бостандықтар туралы, гендерлік білім жөнінде белсенді түрде ақпарат беру қажет. Сонда ғана гендерге байланысты көзқараста оның әлеуметтік құрылым екенін мойындауымызға әрі бір жыныс бәсекеге қарағанда құзыретті, сыйлы деген қасаң қағидаттарды жоюға мүмкіндігіміз зор. Қысқасы, гендерлікке қатысты конфликтология теорияларын түсіндіретін сексизм құбылысының да мөні азайып, күнделікті өмірде туындайтын гендерлік теңсіздіктермен күресте сауатты болуымыз үшін ер адамның қоғам алдында, адамзат алдында өзін жауапты сезінгені абзал.

Нәзкер СҮЙІНДІК.

**ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ А.Қ. ҚАЗЫБАЕВТЫҢ ЖӘНЕ АУЫЛДЫҚ ОКРУГ ӘКІМДЕРІНІҢ АУДАН ТҮРҒЫНДАРЫМЕН ТАМЫЗ АЙЫНА АРНАЛҒАН КЕЗДЕСУЛЕРІН (АЗАМАТТАРДЫ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУЛАРЫМЕН) ӨТКІЗУ КЕСТЕСІ**

«КЕЗДЕСУЛЕР ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ» ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ 2022 ЖЫЛҒЫ 3 НАУРЫЗДАҒЫ №826 ЖАРЛЫҒЫНА СӘЙКЕС ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ А.Қ. ҚАЗЫБАЕВ ЖӘНЕ АУЫЛДЫҚ ОКРУГ ӘКІМДЕРІ ТОҚСАН САЙЫН АУДАН ТҮРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСУЛЕР (КЕЗДЕСУЛЕР АЯҚТАЛҒАН СОҢ АЗАМАТТАРДЫ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУМЕН) КЕЛЕСІДЕЙ КҮНДЕРІ ӨТКІЗЕДІ:

№	ӘКІМІНІҢ Т.А.Ә.	ЛАУАЗЫМЫ	ЕЛДІ МЕКЕНІНІҢ АТАУЫ, ОРНЫ	КЕЗДЕСУЛЕРДІ ӨТКІЗУ КҮНІ
<b>III ТОҚСАН</b>				
1	Қазыбаев А.Қ. Төжіғалиев М.Т.	Ойыл ауданының өкімі Саралжын а/о өкімі	Саралжын а/о, Қоңырат ауылы, фельдшерлік пункт ғимараты, Ойыл көшесі, 1	03.08.2022 ж., сағ. 09.00
2	Қазыбаев А.Қ. Қосдаулетов Ы.Т.	Ойыл ауданының өкімі Қайыңды а/о өкімі	Қайыңды а/о, Көсембай ауылы, клуб ғимараты, Орталық көшесі, 10	03.08.2022 ж., сағ. 11.00
3	Қазыбаев А.Қ. Қосдаулетов Ы.Т.	Ойыл ауданының өкімі Қайыңды а/о өкімі	Қайыңды а/о, Ақжар ауылы, клуб ғимараты, Мектеп көшесі, 4	03.08.2022 ж., сағ. 15.00
4	Қазыбаев А.Қ. Асылбаев Е.Б.	Ойыл ауданының өкімі Қайыңды а/о өкімі	Көптоғай а/о, Аманкелді ауылы, клуб ғимараты, Астана көшесі, 19	05.08.2022 ж., сағ. 10.00
5	Қазыбаев А.Қ. Асылбаев Е.Б.	Ойыл ауданының өкімі Қайыңды а/о өкімі	Көптоғай а/о, Қарасу ауылы, клуб ғимараты, Алашорда көшесі, 7	05.08.2022 ж., сағ. 15.00
6	Қазыбаев А.Қ. Асылбаев Е.Б.	Ойыл ауданының өкімі Қайыңды а/о өкімі	Көптоғай а/о, Көптоғай ауылы, клуб ғимараты, Қазақстан көшесі, 18	10.08.2022 ж., сағ. 10.00
7	Қазыбаев А.Қ. Асылбаев Е.Б.	Ойыл ауданының өкімі Қайыңды а/о өкімі	Көптоғай а/о, Шұбарши ауылы, клуб ғимараты, Желтоқсан көшесі, 19	10.08.2022 ж., сағ. 15.00
8	Қазыбаев А.Қ. Ізбасов А.Ж.	Ойыл ауданының өкімі Берсиев а/о өкімі	Ш.Берсиева/о, Құмжарған ауылы, клуб ғимараты, Бекет ата көшесі, 23	12.08.2022 ж., сағ. 10.00
9	Қазыбаев А.Қ. Ізбасов А.Ж.	Ойыл ауданының өкімі Берсиев а/о өкімі	Ш.Берсиева/о, Қаратал ауылы, клуб ғимараты, Берсиев көшесі, 35	12.08.2022 ж., сағ. 15.00
10	Қазыбаев А.Қ. Ізбасов А.Ж.	Ойыл ауданының өкімі Берсиев а/о өкімі	Ш.Берсиев а/о, Қарасу ауылы, мектеп ғимараты, Ахмет Жұбанов көшесі, 5	17.08.2022 ж., сағ. 10.00

**ЕСКЕРСЕҢ – ҚОРҒАЛАСЫҢ! ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІН ӨЗ БЕТІНШЕ ИЕЛЕНУ**

Жер учаскесін өз бетінше иеленіп алу – жер учаскесі меншік иесінің немесе жер пайдаланушының рұқсатсыз бөтен жер учаскесін иелену, сондай-ақ мемлекеттік меншіктегі және жер пайдалануға берілмеген жер учаскесін жергілікті атқарушы органның тиісті шешімінсіз иелену – жер заңнамасы саласындағы бұзушылықтар түрлерінің бірі. (ҚР Жер кодексінің 12- бабының 27-тармағы).

Егер облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ өкімінің жер учаскесін беру туралы шешімінде өзгеше көзделмесе, жер учаскесінің нақтылы ( белгілі бір жердегі) шекарасы белгіленгенге дейін және құқық белгілейтін құжаттар берілгенге дейін жер учаскесін пайдалануға жол берілмейді. Осы норманы сақтамау жер учаскесін өз бетінше иеленіп алу деп бағаланады және Қазақстан Республикасының өкімшілік құқық бұзушы-

лық туралы заңнамасына сәйкес өкімшілік жауаптылықты көздейді. ( ҚР Жер кодексінің 43-бабының, 10-тармағы).

Қазақстан Республикасының Өкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 136-бабына сәйкес (жерге мемлекеттік меншік құқығын бұзу), мемлекеттік жер учаскелерін заңсыз иеленіп алу немесе айырбастау не жерге мемлекеттік меншік құқығын тікелей немесе жанама нысанда бұзатын басқа да мәмілелер жасау, сондай-ақ уақытша иеленген мемлекеттік жерді уақытылы қайтармау-жеке тұлғаларға – жетпіс бес, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдарға – бір жүз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – бір жүз елу, ірі кәсіпкерлеріне жеті жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға өкел соғады.

**«Ақтөбе облысының жер ресурстарын басқару департаменті» ММ**  
**Ақтөбе қаласы, 101 атқыштар бригадасы 2, 5 этаж тел.90-80-74**

**ПРЕДУПРЕЖДЕН – ЗНАЧИТ ЗАЩИЩЕН! САМОВОЛЬНОЕ ЗАНЯТИЕ ЗЕМЕЛЬНОГО УЧАСТКА**

Самовольное занятие земельного участка – занятие чужого земельного участка без разрешения собственника земельного участка или землепользователя, а также занятие земельного участка, находящегося в государственной собственности и не предоставленного в землепользование, без соответствующего решения Правительства Республики Казахстан или местного исполнительного органа – одно из правонарушений в сфере земельного законодательства ( п 27 ст.12 Земельного кодекса РК)

Не допускается пользование земельным участком до установления его границ в натуре ( на местности) и выдачи правоустанавливающих документов, если иное не предусмотрено в решении местного исполнительного органа области, города республиканского значения, столицы, района, города областного значения, акима города, поселка, села, сельского округа а предоставлении земельного участка. Несоблюдение данной нормы квалифицируется как самовольное занятие земельного участка и предусматривает административную ответственность в соответствии с законодательством Республики Ка-

**ОРМАН ӨРТИНЕ ЖОЛ БЕРМЕҮІК!**

Өрт - орманның қас жауы. Орман өрті – орны толтырылмайтын зиянды апат. Ағаш қорын кемсітумен қатар, өсуін де азайтады, табиғи байлығымызға зор зиян келтіретіні даусыз. Орман өртінің негізгі себептері – абайсыздық, ереже бұзудан тұрады, сол себепті, қауіпсіздік ережелеріне мән беру қажеттігін ескерген жөн.

Әсіресе, жаз айларында орман-тоғайда, кең өлкеміздің табиғатында өрттің шығуы жиі кездеседі. Қауіпті өрттің туындау себебі неде?

Орман-тоғайларда былтырғы шөптер қурап, ауа райы ысып, өрт қауіптілігі ықтимал мерзім келді. Жаз шығып, күн ыси бастағанда, қыстай қар астында жатқан құраған шөптер орман-тоғайға өрт қауіптілігін туғызады. Басты себептері: жеке шаруа қожалықтары көктемгі егіндіктің орнын дайындап, мал жайылымын тазартамыз деп, былтырдан қалған шөптерді өртейді. Ал өрт жүздеген мыңдаған гектарға жетіп, орман – тоғайға өтеді. Осыған орай Ауыл шаруашылығы министрлігі өрбір өткен өкімдеріне жіберген: «Өткен жылдан қалған шөпті өртемеу» деген тапсырмасын іске асыруымыз керек. Сондықтан шаруа қожалықтары ауылдық округтік өкімдері, орман шаруашылығы қызметкерлері дала өртіне жол бермей, өрт қауіптілігі ережелерін сақтап, газет, теледидар, радио арқылы халық арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, табиғат байлықтарын сақтап, қорғау жолында күресу керек.

«Орман – үйің, Өртенсе кетеді күйің» - дегенді көкірегі ояу, көзі ашық азамат айтқызбай түсинетініне сенеміз!

**Ербол РЗИН,**  
**Ойыл орман шаруашылығы өрт сөндіру станциясының бастығы.**

**ТЫРЫСҚАҚ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?**

Тырысқақ – өткір диареялық инфекция. Бұл инфекция тырысқақ вибрио бактериясымен ластанған тамақты жегенде немесе суды ішу салдарынан болады.


Тырысқақ – өте ауыр ауру. 12 сағаттан 5 күнге дейін адамда ластанған тамақ жегеннен немесе ластанған су ішкеннен кейін ауру белгілері пайда болады. Тырысқақ инфекциясымен ауыратын шамамен 10 адамның 1-інде сулы диарея, құсу және аяқтық құрысу сияқты ауыр белгілер пайда болады. Бұл адамдарда дене сұйықтығының тез жоғалуы дегидратацияға және шоққа өкеледі. Тырысқақ балаларға да, ересектерге де өсер етеді. Егер науқас уақытында емделмеген болса, бірнеше сағат ішінде адам өліп кетуі мүмкін. Тырысқақ вибрионы жұқтырған адамдардың көпшілігінде ешқандай белгілер байқалмайды, бірақ бактериялар инфекциядан кейін де 1-10 күн ішінде нәжісінде қалады. Бұл дегеніміз, бактериялар қоршаған ортаға қайта төгіліп, басқа адамдарға жұқтыруы мүмкін.

**Тырысқақтың алдын алу үшін:**  
 \* Қолыңызды сабынмен немесе

сумын жиі жуыңыз, әсіресе тамақ ішер алдында немесе тамақ дайындамас бұрын және жуынатын бөлменде кейін;  
 \* Ағын суынан, субұрқақты сулардан және мұз кесектерінен аулақ болыңыз;  
 \* Бөтелкедегі, қайнатылған немесе химиялық өңделген суды және бөтелкедегі немесе консервіленген сусындарды ғана ішіңіз;  
 \* Шікі немесе піспеген ет пен теңіз өнімдерін, шікі немесе жеткіліксіз пісірілген жемістер мен көкөністерді қабығы болмаса жеуге болмайды;  
 \* Су мен тамақ көздерінің ластануын болдырмау үшін санитарлық талапты сақтаңыз;  
 \* Инфекция бір адамнан екінші адамға тікелей таралуы мүмкін емес. Сондықтан жұқтырған адамды құшақтау немесе оған қол тигізу қауіпті фактор емес.  
 Біз тырысқақты болжап, алдын ала-аламыз. Егер бүкіл халық таза сумен және санитарлық-гигиеналық құрылыстармен қамтамасыз етілсе, бұл ауруды жою аламыз.

**Гуларя ДОСНИЯЗОВА,**  
**Ойыл баға қарсы күрес бөлімшесінің зертханашысы.**

**ПАРАЗИТТІ ӨСІМДІКТІҢ ҚАУПІ КӨП**



Арамсою (лат. Cuscuta) – шырмауықтар тұқымдасы, арамсоюлар тұқымдасына жататын бір не екі жылдық шөптесін өсімдіктер туысы. Хлорофилі жоқ, паразитті түрде тіршілік етеді. Жер шарында тропиктік аймақтардан қоңыржай белдеулерге дейінгі жерлерде өсетін 170-тен аса түрі белгілі.

Арамсою Қазақстанның барлық облыстарында кездеседі. Арамсоюдың 19 түрі бар. Оның ішінде көп тарағандары – Қаратау арамсоюы (С. Karatavica), дала арамсоюы (С. campestris). Бұлардың сабақтары өте жіңішке жіп тәрізді болады, басқа өсімдіктерге шырмауық өседі. Жапырақтары сөміп, тек қабыршақ күйінде жетіледі. Усақ болып келген, ақ не қызғылт, кейде

қызыл не сары гүлдері шатырша немесе шашақ гүлшоғырына топталған. Маусым-шілде айларында гүлдеп, тамызда жеміс береді. Жемісі қауашақ тәрізді. Бір өсімдікте он мыңдаған майда тұқым жетіледі. Тұқымынан пайда болған өскіннің тамыры топыраққа бекіді. Өну қасиеті бірнеше жыл сақталады.

Карантинді арамшөптердің қатарында болғандықтан, фитосанитарлық мекемелердің мониторингтік тексеру жұмыс жоспарына еніп, арнайы бақыланады. Арамсоюдан зақымдаған дақыл, көбінесе тіршілігін жоюды, басқа өсімдіктерге шырмауық қалдырмау үшін егіске гербицид шашылады, егетін тұқым тазаланып, дәрілейді.

**А.Терешова,**  
**«РФДЖБӨ» РММ аудандық филиалының гербологі.**

**«ҚАЗПОШТА» АҚ АРҚЫЛЫ ШАЛҒАЙДАҒЫ ЕЛДІ-МЕКЕНДЕРДЕ «БЖЗҚ» АҚ ҚАТЫСУЫН КЕҢЕЙТУ**

Еліміздің шалғай елді-мекендерінде трансфергенттік қызмет көрсетуді дамыту, сондай-ақ, Қазақстанның барлық тұрғындарына зейнетке қызметтерінің қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында БЖЗҚ АҚ «Қазпошта» АҚ-мен бірлесіп, Қор қызметтеріне «Қазпошта» АҚ бөлімшелерін қосымша қосу жұмысын жалғастыруда.

Осылайша, қазіргі кезде БЖЗҚ қызметтерін «Қазпошта» АҚ-ның 376 бөлімшесінен алуға болады.

Естеріңізге сала кетейік, «БЖЗҚ» АҚ пен «Қазпошта» АҚ бірлескен жұбасының арқасында Ұлттық пошта операторының бөлімшелерінде Қордың салымшылары (алушылары) келесі операцияларды жүргізе алады:

- \* салымшының (алушының) қосымша деректемелерін (жеке куәлігінің деректемелері, телефон нөмірі, электрондық және пошталық мекен-жайы) өзгерту (толықтыру) туралы өтініш беру);
- \* хабарлау тәсілін өзгерту (белгілеу) туралы келісімге қол қою (оның ішінде «БЖЗҚ» АҚ қызметтеріне

электрондық формата қол жеткізу үшін).

2022 жылдың I жартыжылдығында Қор салымшылары (алушылары) «Қазпошта» АҚ бөлімшелерінде 6,5 мыңға жуық қызмет алды. БЖЗҚ қызметтерінің Қазпошта бөлімшелерінде барынша жоғары сұранысқа ие болуы Қызылорда, Жамбыл және Шығыс Қазақстан облыстарында байқалады.

Қосымша деректемелер мен хабарлау тәсілін өзгерту бойынша БЖЗҚ қызметтерін алуға болатын Қазпошта АҚ бөлімшелерінің тізімін Сіз enpf.kz сайтының «Қызметтер» бөлімінде таба аласыз.

Сонымен қатар, БЖЗҚ қызметтерінің басым бөлігін, мысалы, жеке зейнетақы шотынан үзінді – көшірме алу, деректемелерді өзгерту және т. б. үйден шықпай-ақ, Қор сайтындағы Жеке кабинет немесе БЖЗҚ мобильді қосымшасы арқылы онлайн режимінде алуға болатынын хабарлаймыз.

**БЖЗҚ баспасөз қызметі**

Ойыл аудандық аурухана ұжымы және кәсіподақ ұйымы Ойыл аудандық ауруханасының кіші қызметкері Нұрмағамбетованың Дидарға енесі <b>Күләштын</b> мегізсіз қайтыс болуына байланысты отбасына, ағайын-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.
«Ойыл балалар жасөспірімдер спорт мектебі» КММ және кәсіподақ ұйымы осы мектептің кіші қызметкері Ыбыраева Асылға ауялы өкесі <b>Тұрғабайдың</b> қайтыс болуына отбасына ортақтасып көңіл айтады.
Ойыл аудандық аурухана ұжымы және кәсіподақ ұйымы Ойыл аудандық ауруханасы Қарасу елді-мекенінің фельдшері Сағидолла Райтүгілге өкесі <b>Сағидолланың</b> мегізсіз қайтыс болуына байланысты отбасына, ағайын-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.
«Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» кәсіподақ ұйымы мәдениет үйінің шаруашылық меңгерушісі Нұрмағамбетов Марағта анасы <b>Күләштын</b> қайтыс болуына байланысты отбасына көңіл айтады.

**БАЛАЛАРДЫ ҚАРАУСЫЗ ҚАЛДЫРУҒА БОЛМАЙДЫ!**



Қазіргі заманда өмірге қауіп төндіретін жағдайларға тап болу өте жиі кездеседі. Балаларды далаға ойнауға, қонаққа жібергенде немесе үйде өздерін қалдырғанда олармен еш жамандық болмайды және олардың өміріне ешқандай қауіп жоқ деп үміттенеміз.

Өкінішке орай, статистика балалардың кесірінен болатын өрттер, балалар өлімі орын алып жатқан өрттер жиі болып жатқанын көрсетуде. Балаларға өрт қауіпсіздігі жайында не білу қажет? Қай жастан бала бастап балаларды өрт кезінде емес, жану жағдайы кезінде өзін ұстау ережелеріне үйрету керек? Осындай сұрақтардың жауабы бір: балалық шақтан бастап балаларды өрт қауіпсіздігі ережелеріне үйрету керек. Мұндай ережелерді балаларға өз іс-әрекеттерін түсіне бастаған шақта үйреткен дұрыс.

Балаңызбен ашық өңгімелесу үшін бірнеше минут бөліңіз. Балалармен әкеп соқтыру мүмкін екенін түсіндіру ерте жастан бастау керек. Балаға өрт «грамматикасының» негіздерін түсіндіру үшін 3-4 жас оңтайлы деп есептеледі. Бастысы балаға ашық өт өте қауіпті екенін, от жарақаттайтын, ауырлатынын, тіпті адам өліміне әкеп соқтыру мүмкін екенін түсіндіру қажет. Бала жану және өрт жағдайлары болмау үшін өзін қалай ұстау керектігін немесе жану кезінде не істеу, істеу керектігін білуі тиіс. Өрт шыққан кезде қалай абыржып қалмау керектігін балаларға үйрету біздің міндетіміз. Көбіне балалар өрт шыққан жағдайларда үрейленіп тығылып қалады. Мұндай жағдайда не істеу керектігін, өзін қалай ұстау қажеттігін және өзіне қандай қауіп төніп тұрғанын білмеуінің себебінен бала өзін осылай ұстайды. Білім жоқ-

та үрей туындайды. Ең бастысы үрейдің болмауы. Байсалды болсаң ерте ақылмен әрекет етсең қауіптен құтылу оңай. Үрей мен сасқалақтау – бұл үнемі ақылды шешім табу мүмкіндігін жоғалтады. Тұрмыстағы өрт қауіпсіздігін ересек ұстану арқылы, өз балаларыңыздың қауіпсіздігін қолға алыңыз. От, газ, су және тұрмыстық химияны қауіпсіз пайдаланды өз мысалыңызда көрсете отырып, балаңызға қауіпсіздік мәдениетін үйретіңіз. Есіңізде болсын балаңыздың қауіпсіздігі тек сіздің қолыңызда екендігін ұмытпаңыз.

Балаңыздың өр басқан қадамын қадағалаңыз, қайда және кіммен болатынын, сіз жұмыста болғанда, күні бойы қандай іспен шұғылданатынын сұраңыз. Кешкі уақытта кешке балаңыздың қадағалаусыз жүрінуі жол бермейді. Балаларыңызбен жолға шыққан уақытта, автокөлік ішінде

балаларды тасымалдау ережелерін қатаң сақтаңыз. Өз балаңызға жол жүру ережесін үйретіңіз.

Жалпы қауіпсіздік ережелері мен нормаларын ұстану өз қауіпсіздігі, денсаулығы мен өмірі үшін қажет екендігін балаңызға түсіндіріңіз.

Өрт қауіпі туралы ешқашан есіңізден шығармаңыз және сізбен мұндай болмайды деген ойдан аулақ болыңыз!!!

Сонымен қатар балалардың судағы қауіпсіздігін ұмытпаңыз! Жас балалардың суға шомыла білмеуі, адамдардың суда қауіпсіздік ережелері, шараларын орындамауы орны толмас қайғы мен өкінішке айналып жатады. Сондықтан осындай келеңсіз оқиғаларды болдырмау үшін, төмендегі ережелерді орындаған жөн:

Суда шомылуың қауіпсіздік шаралары:

- суға шомылатын жерді, жалпы жағдайды судың тазалығын, тереңдігін мұқият тексеріп алыңыз.
- Тамақ ішкеннен кейін бірден шомылмаңыз.
- Суға тек қана рұқсат етілген жерлер мен жағажайларда шомылыңыздар.
- Өте ұзақ шомылмаңыз, өзіңізді шаршауға және тоңып қалтырауға дейін жеткізбеңіз.
- Суға түскенде бір-біріңізді көзден таса қылмаңыз.
- Қоршау белгілерінен, буйлардан тысқары ауаққа шықпаңыз.
- Техникалық ескерту белгілерінің, буйлардың және басқалардың үстіне шығушы болмаңыздар.

**Есте сақтаңыздар! Судағы апаттан қорғандық ең сенімді алып - суда шомылу ережелері мен қауіпсіздік шараларын қатаң сақтау.**

**Доскей НУРҒАЗИН,**  
**Ойыл аудандық білім бөлімі жанындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.**

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі  
 Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров  
 Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат  
 Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады.  
 Таралымы 1380 таба. Тапсырыс № 1036  
 Көлемі 1 баспа табақ, индексі 65525

**«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды.**  
**Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2.**  
**Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.**

# ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУ: ДЕПУТАТТАРДЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫНЫҢ БІРІ

ДЕПУТАТ – ХАЛЫҚ АЛДЫНДА ҮЛКЕН ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ АРҚАЛАЙТЫН, ҚАРАПАЙМЫ ЖҰРТШЫЛЫҚТЫҢ ҮНІНЕ ҚҰЛАҚ АСЫП, ХАЛЫҚ ТАҢДАП, САЙЛАҒАН СЕНІМДІ ӨКІЛ. АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫ ЖЕРГІЛІКТІ ЖЕРЛЕРДЕГІ ХАЛЫҚТЫҢ ТЫНЫС-ТІРШІЛІГІНЕН ХАБАРДАРЖӘНЕ ЕЛМЕН ЕТЕНЕ ЖАҚЫН БОЛУ МАҚСАТЫНДА БІРҚАТАР ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУЛАРДЫ ЖҮРГІЗІП КЕЛЕДІ. ЖҮЛ ӨТКЕН САЙЫН ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУЛАРҒА ӨТІНІШ АЙТЫП, КӨМЕК СҰРАП КЕЛЕТІНДЕР САНЫ АРТУДА.



Айталық, аудандық мәслихаттың жетінші шақырылымының басынан бері 290 сайлаушы өртүрлі жағдайлармен өтініш жасап, соның 184 өтініші қанағаттандырылып, 58 өтінішке түсінік жұмыстары жүргізілсе, 48 өтініш қосымша бақылауға алынды. Қоғамдық қабылдаудың негізі міндеті – жергілікті жерлердегі азаматтарды толғандыратын аса маңызды проблемаларды айқындау, өлеуметтік-экономикалық мәселелерді бағалау. Азаматтардың өтініштерін қарау мәселесіне Үкімет тарапынан да үлкен мән беріледі. Бұрын өтініштерді қарау тәртібі Заңмен айқындалған болса, 2021 жылғы 1 шілдеден бастап Өкімшілік рәсімдік-процестік кодексімен айқындалатын болып өзгертілді. Қабылдау жұмыстарына депутаттармен қатар мемлекеттік органдарды өкілдері де қатысады. Өтініштердің негізгі денін тұрғын үймен, жұмыспен қамтамасыз ету, қайтарымсыз несие, материалдық көмек сияқты көкейкесті мәселелер құрайды. Азаматтардың қордаланған проблемалық мәселелерін шешуге бір адамдай атсалысуымыз қажет. Арыз-шағымдардың артында қылы тағдыр тұратынын белгілі. Алайда, арыз-шағымдардың шешілу жолдары тек заңдылықтар шеңберінде ғана жүргізіледі және олар атқарушы органдардың құзыреттілігіне жатады. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңында аудандық мәслихатқа қандай да болмасын мәселені тікелей шешу

құзыреттілігі берілмеген. Бірақ, осы Заңда аудандық мәслихатпен өз құзыретінде қабылданған актілері сол аумақтық құрылым бірліктерінде орындалуы міндетті делінген. Сондықтан, қоғамдық қабылдауларда сайлаушылардан ауданның немесе қандай да бір елді-мекеннің тыныс-тіршілігіне байланысты өзекті өтініштер, соның ішінде ұжымдық өтініштер түсетін болса, оларды заңды түрде жүзеге асыруға аудандық мәслихатқа құқық берілген. Осындай өтініштер аудандық мәслихаттың депутаттық сауалдары арқылы шешілуі те жүр. Өткен жылы тұрғындардың өтініштері негізге алынып 4 депутаттық сауал жолданды. Атап айтсақ, депутат М.Омарова Көптоғай елді мекенінде дәрігерлік амбулатория ғимаратын салу бойынша, қазіргі таңда жобалық сметалық құжаттамаға қаржы қаралып, оң шешімін тапты. Депутат А.Ғазез Қараой елді мекенінде мүйізді ірі қара малы арасындағы брүщеллез ауруын жойып, шектеуді алу мақсатындағы депутаттық сауалы жолданып, халыққа түсіндіру, ауруды жою мақсатында жұмыстанып, шектеу алынды. Депутат Б.Есқалиева Қаракемер елді мекеніндегі сайлаушыларды орталықтандырылған аумен суды қалыпқа келтіруді сұрап, қосымша ұңғыма қазылуға қаржы қарастырылды. Депутат С.Займолдин Көптоғай-Сарбие-Қараой бағытындағы аудан аралық жолдардың сын көтермейтінін депутаттық сауал ретінде жолдады. Ал 2022 жылдың есепті уақытында 4

депутаттық сауал жолданды. Олар, депутат С.Займолдин білім ошақтары Ш.Берсиев атындағы ауылдық округіне қарасты Қарасу, Сарбие ауылдық округіне қарасты Қаракөл, Қараой ауылдық округіне қарасты Құбасай бастауыш мектептері мен Қайыңды ауылдық округінің негізгі мектептерінде ашық спорт алаңдарымен қамтамалы және аудандық көлеміндегі мектептерді оқыту бағдарламалары шеңберінде талап етілетін қажетті спорт жабдықтарымен жарақтандыруды тиісті деңгейде шешуді сұрады. Депутат А.Ақбисенова Ақжар елді мекені тұрғындарының өтініші негізінде Мектеп және Қайыңды көшелерінде электр қуатының өлсіздігіне байланысты, халықтың тұрмыстық техникалық заттарының қалыпты жұмыс жасауы үшін электр тоғымен беретін трансформаторды жаңалауды және 2019 жылы пайдалануға берілген орталықтандырылған ауыз судың электр жарығы сөнген уақытта қосымша электр тоғын беретін қондырғының іске қосылуына ықпал етуді сұрады. Депутаттық сауалдары шешімін табу мақсатында құзырлы мекемелерге жолданып, қадағаланады. Жоғарыдағыларды айта келе, аудандық мәслихаттың негізгі жұмыс жасау бағыттарының бірі сайлаушыларды қабылдауда болса, екінші жағы осы қабылдауларда қозғалатын маңызды мәселелерде екенін жеткізіп келеді. **Мәлдір ЖАНТЕКОВА,** Ойыл аудандық мәслихаты аппаратының бас маманы.

# НАЛА

сонша тасбауыр болғанымды өзім де түсінбеймін. Жоқ, қанша тасбауыр болдым десем де, анама, бауырларыма деген жүрек түкпірімде сағыныш сыздап жататын. Бірақ мен оны сыртқа шығаруға қорқатынмын. Әсіресе, асты-үстіме түсіп, өбептеп отырған әгей анам мен өз өкпе сатқындығы жасағандай болатынмын. Есейе келе сол сағыныш, анамның мейіріленіп маңдайымнан сүйіп, құшағына алатыны, шашымды жуғаннан кейін: «Сақшымының шашы ұзын болайын деп тұр» деп шашымды аялап өріп беретіні есімде мәңгі қалып қойыпты. Ақыры бір күні көшеде анаммен оңаша кезігіп қалдым. Менен өбден күдерін үзген анам мұңая өрі елжірей қарап тұрып: «Өңең тастап кеткені аздай, сен де қайырылмай кете бардың. Елдің алдында қарайтын бетім қалмады. Біріннен тірілей, біріннен өлі айырылған тыңдаған сайынмен деп көп нәрсені көңіліме тоқи отырамын. – Менің 6 жасында өкпе бес баламын тастап, басқа әйелге үйленіп кеттің. Біздің отбасыға бұл ауыр соққы болды. Жоқшылық уақыт, анамыз күнделікті ішер асымызды өрең тауып жүретін. Кейін есейгенде білдім, анам непақамызды айыру үшін мектепте сыпырушы болып жұмыс істеген екен. Марқұм бәлі бүгінгенге дейін сол жерде қызмет етіп, зейнетке шықты. Мен өкпенің сүйікті қызы болып. Өкпе кеткеннен кейін оны жоқтап, жылай бердім. Бір күні аманнан жасырындып, өкпе қашып кеттім. Әгей анамды да өзінде бала болмаған соң жылы шырай танытып, күлімдеп қарсы алды. Ал өкпенің қуанышында шек жоқ. Өзі колхоз басшысы. Мұндағы төур тұрмыс, алақанға салып, асты-үстіме түскен мейірім өз анамды, бауырларымызды тез-ақ ұмыттырып жіберді. Анам жылап-өңіреп бір емес, бірнеше рет келіп кетті. – Жүрші үйге, Сақшымы, сені сағындық,- деп бірде жалынғандай, бірде жекігендей болса да жүрегім жібімей қойды. Тамағым тоқ, көйлегім көк болған соң жаңа жайлы жылы ұядан шыққым жоқ. Ойын баласы жоқ, кейін ес кіргенде өзі қайтып келер деді ме, анам содан кейін мазалаған жоқ. «Жығылғанға жұдырық» демекші, көп ұзамай ортамыздағы 3 жастағы жалғыз ұл суға кетіпті деген суыт хабар жетті. Ол кезде, өрине, анамның бетін тырап, шашын жұлып, қайыңдан қан жұтып, қара жамылған шерлі күйін түсінген жоқпын. Бірақ сүй-сүйкімді, ақылды іншегілді сағынып, қимастықпен жылағаным өлі есімде. Өкінішке қарай, «қызым түбі өз ұясына қайтып келер» деген ана үміті ақталмады. Есейіп, ес білген кезде де бір ауылда тіршілік кешіп жатқан анамның шаңырағына қайтып бармақ тұрмақ, ат ізін салған емеспін. Неге



өкен, бапаларды жетілдіріп, қызды тұрмысқа беріп, ұлымды үйлендірдім. Сонда да анамның наласы алдымнан шыға берді. Қызым эпителиасы ауруына шалдықты. Қазір жасы елуде, өлі ұрпақ сүйемді. Ұлым ащы суда өші кеткендей анасынан арақты жоғары қойды. Бағыма ақ сүт емген келін тап болып, соның арқасында, міне, немерелеріміз өмір сүріп жатырмын. Бір үйде тұрса да, келін мен бала бөлек жатады. Баламның айуан дегейіне түсіп, үйге кіріп келе жатқан түрін көргенде күніне мың өлемін. Сонда да ана наласының ұрпаққа кететінін ойлап, жаным күйзеліп, қиналғаным қарамастан баламды қарғамауға тырысамын. Сеңіз өмірдебақытты болу, болмауының ризашылығында екен. Бүгінде, сол кеткеннен өзімнен анамды ойлап, өкініштен өзегім өртегенді. Қайтейін?! – деп ауыр күрсіндіп кетуан.

Қатал тағдырдың төлкегін көп көрсесе де, қиындыққа моймай келе жатқан осынау қайсар, қажырлы әйел бірінші рет көз алдымда еңсесі түсіп, еңкіш тартып кеткендей көрінді. Ойым байыз таппай сан-саққа жүргізді. Албырт кездегі қателігі үшін анасының наласына қалған бір кездегі бейқұне, өрімдей қыздың өкінішке толы өмірін көз алдыма келтірсем, өзлімің де кеудеме өкпе тасылатындай. Бір жағынан алдына жалындып қанша барса да қайырылмай қойған қызының қаттылығына қапа болған анамның жұлым-жұлым болған жүрегің де түсінім келеді. Іштері ой арпалысы осылайша итжығыс түседі.

Асыл дүнімдізе: «Аллаһтың разылығы – ата-ананың разылығында» деп бекер айтпаса керек. Ал олай болғанда, көздерін жауғандық, ата-ананы қарттар үйіне апарып тастаған талай қарақөздердің халі нешік? Олар о дүниесін айтағанда, бұ дүниеде бағы баянды болып, алпаң басып ұзақ жүре ала ма?

Көші үйінен шыққанда күн кешкіріп қалыпты. Біраз уақытқа дейін кейуананың кейлі көз алдымнан кетпей, ауыр ойларды шырмауынан шыға алмай келе жатым.

**Ғазиза РАХМЕТОВА,** Батыс Қазақстан облысы, Төректі ауданы, Ақжайық ауылы.

# МАЛ АЗЫҒЫН ДАЙЫНДАУ НАУҚАНЫНДА ӨРТКЕ ЖОЛ БЕРМЕЙІК!



Қоғамдық мал басын өсіру, одан алынатын өнімдерді арттыру ең бірінші шаруашылықтың жоғары сапалы жем-шөптен қамтамасыз етілуіне байланысты. Мал азығын дайындау кезінде өрт қауіпсіздігін шараларын қатаң сақтау керек екендігін естен шығармаймыз. Атап айтқанда олар мыналар: – жұмылдырылатын техникаларды жарақты өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз ету, ірі жемшөптерді тасымалдауға арналған көлік құралдары екі ұнтақты өрт сөндіргішпен қосымша жабдықтау; – агрегатта және оның, айналанында темекі тартуға тыйым салу, темекі тарту үшін арнайы орын бөлу; – тракторлар мен автомобильдердің ұшқын сөндіргіштермен және өрт сөндіргіштермен жабдықтау; – электр-газ дәнекерлегішін қолданатын, жөндеу жұмыстарын арнаулы орындарда жүргізу; – ірі жемшөптерді жинау биіктігі жер деңгейінен 4 метрден аспайтындай етіп орындау; – ірі жемшөптерді тасымалдау арнайы жабдықталған көлік құралымен жүзеге асырылады, олардың пайдаланылған құбырлары радиатордың астына шығарылады және ұшқын сөндіргіштермен жабдықталады; – Тұрғын үйлердің қожалық учаскелерінде ірі жемшөптерді жинау ғимараттарға және аула алыңдары құрылыстарға дейін кемінде 15 метр

қашықтықта орындау. Көрсетілген қашықтықта ірі жемшөптерді жинау мүмкін болмаған кезде, жинау орнын кемінде 500 литр суы бар қосымша ыдыспен қамтамасыз еткен жағдайда қашықтық 5 метрге дейін қысқартады; Мыналарға: 1) қоралар мен басқа да шаруашылық құрылыстардың шатырларына; 2) электр жеткізу желілерінің астына; 3) учаскенің сыртқы қоршауынан кемінде 3 метр қашықтықта шөп шошақтары, шөмелелерді, ірі жем-шөп маяларын, өзге де жанғыш заттар мен материалдарды жинауға оңал берілмейді. Бұл ережелер мал азығын дайындауға ат салысып жүрген ербір қожалық мүшелерімен жұмысшыларға таныстырылып, оны қатаң сақтауды бақылау ербір қожалық иелерінің міндеті. Сондықтан да дайындалған мал азығын дайындау, тасымалдау кезінде өрт қауіпін сақтау мақсатында барлық өрт қауіпсіздік ережелерімен талаптарды қатаң сақтау қажет. Өрине, өңгіме арқауы осы байлық көздерін кездейсоқ оқиғалардың бірі – өрт қауіпін сақтау баршамыздың ортақ міндетіміз болуға тиіс. Осыған байланысты барлық жерде мал азығын дайындаумен қатар оны өртен сақтаудың барлық шараларын қолдану қажет. Сонымен қатар, өрт қауіпсіздігіне қойылатын ережелермен талаптарды орындамау ҚР ӨҚБТ-ы бойынша өкімшілік жауап

кершілікке тартылғандықтан ескертөміз. Сонымен қатар автокөліктерді өрт қауіпсіздігі жөнінде айта кетуді де жөн көрдік. Көбінесе тілсіз жаудың шығуы, автокөліктің электрсымдарының қысқа тұйықталуынан, ТҚС-да тұрған автокөліктерге жөндеу жұмыстарын жүргізген кезде өрт-техникалық қауіпсіздігін сақтамаудан пайда болады. Сонымен қатар, автокөлік ішінде шылым шегуден де өрт оқиғалары жиі пайда болады. ТЖ саласының мамандары автокөлікте өрт пайда болған жағдайда не істеу керек екеніне назар аударып, көлік иелеріне арналған мынадай сақтық ережелерін ұсынады. Құрметті автокөлік иелері: – Автокөліктеріңізді дер кезінде техникалық байқаудан өткізгеніңіз дұрыс; – Үнемі оның дұрыс екенін қадағалаңыз, әсіресе электрсымдарға баса назар аударыңыз; – Өзінізбен бірге өрқашанда өрт сөндіргіш құрал болсын, оны қолжетімді жерде ұстаңыз; – Практика көрсеткіші бойынша өрт сөндіру кезінде автокөлігіңізге көмір қаңқылыды өрт сөндіргіш пайдаланған тиімді. Есіңізде болсын! Өрт туындаған жағдайда салқынқандылық танытыңыз, өрт сөндіру бөлімін «101» немесе «112» телефон нөмірі бойынша шақырып (қоңырау шалу ақысыз), маңдай термен келген еңбектеріңіз еш кетпес үшін қажетті шараларды қолданыңыз. **Ойыл ауданының төтенше жағдайлар бөлімі**

# МӘМС: ДЕРБЕС ТӨЛЕУШІЛЕР АЛДЫН АЛА ТӨЛЕМ ЖАСАЙ АЛАДЫ

«2022 ЖЫЛДЫҢ 4 ШІЛДЕСІНДЕ «МІНДЕТТІ ӨЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ТУРАЛЫ» ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫНА ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗІЛДІ. САҚТАНДЫРУ МӘРТЕБЕСІН АЛУ ҮШІН ТЕК ӨТКЕН 12 АЙ ҮШІН ЕМЕС, АЛДАҒЫ 12 АЙҒА ДА ТӨЛЕМ ЖАСАУҒА БОЛАДЫ. БҮЛ ӨЗГЕРІС ҚОЛ ҚОЙЫЛҒАН СӨТТЕН БАСТАП 60 КҮННЕН КЕЙІН, ЯҒНИ 2022 ЖЫЛДЫҢ ҚЫРҚУЫҒИНДЕ КҮШІНЕ ЕНГІЗІЛДІ»

Қазақстанда медициналық сақтандыру жүйесі 2020 жылдан бастап жұмыс істеп келеді. МӘМС-ке төлем жасау барлығы үшін міндетті болып саналатынына қарамастан, елімізде шамамен 3,1 млн адам өлі күнге дейін сақтандырылмаған. Оның 3 миллионы – халықтың экономикалық белсенді бөлігі, яғни жұмысқа қабілетті азаматтар. Сақтандыру ақпараттық жүйесінде соңғы 12 ай ішіндегі деректерді талдау кезінде МӘМС жүйесіне қатысушының алдыңғы мәртебесі тұрғысынан сақтандырылмағандардың 69%-ы мүлде жарна төлемегені анықталды. Азаматтардың тағы 16%-ы – өз қызметін азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт бойынша атқаратын тұлғалар. Қазір жарналарды төлеуді тоқтатқан бұрынғы жалдамалы жұмысшылар 7%-ды құрайды. Дербес төлеушілердің үлесі – 4%. Қазір жарна төлемейтін және сақтандыру мәртебесін жоғалтқан жеке кәсіпкерлер мен бірнешеғі жынытқы төлем (БЖТ) төлеушілердің шамамен 3%-ға тең. Бұл негізінен 38-40 жастағы адамдар. Олар бейресми жұмыс істейді және жарна төлемейді. Сондай-ақ жұмыспен қамту орталығына барып ресми тіркелуіне болатын жұмыссыздар да бар. Бұл жағдайда осы азаматтар жөнілдік санатына кіріп, олар үшін төлемдерді мемлекет аударарды», деп түсіндірді ӨМСҚ заңды және жеке тұлғалармен жұмыс істеу департаменті директорының орынбасары

Жанар Ботагарина. Қор жергілікті атқарушы органдармен, мемлекеттік кіріс басқармаларымен, «Атамекен» ҰҚП және басқа да мүделі мекемелермен бірлесіп сақтандырылмаған тұрғындарды МӘМС жүйесіне тарту бойынша кең ауқымды ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізуде. Бұрын сақтандыру мәртебесін және МӘМС жүйесінде медициналық көмек алу үшін пациенттің өткен 12 айға жарнасы төленген болуы және мәртебесін жоғалтпау үшін ай сайын жарналарды үзбей төлеуі міндеттелген еді. «Тәжірибе көрсеткендей және өтініштерді талдау нәтижесінде жұмыс істемейтін және өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтардың өткен кезең үшін жарна төлеуге қызығушылық танытпайтыны анықталды. Сол себепті олар үшін МӘМС жүйесіне қатысудың баламалы нұсқасы өзіндік. Бұл сақтандыру мәртебесін алу үшін алдын ала 12 айға төлем жасауға мүмкіндік береді. «Міндетті өлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» ҚР Заңына енгізілген тиісті толықтырулар мен өзгерістер 2022 жылғы шілдеде бекітілді. Ол қыркүйек айының басында күшіне енеді. Біздің ойымызша, бұл халықты медициналық сақтандыру жүйесіне көптеп тартуға ықпал етеді», деді Жанар Ботагарина. Азаматтар алдын ала жарналарды төлеп, жыл бойы МӘМС жүйесі

бойынша көрсетілетін медициналық көмекті ала алады. Сақтандырылмаған халықтың шамамен 30%-ы жаңа төлем түрін пайдаланады деп күтіледі. Сонымен қатар өткен айларға берешегі жоқ дербес төлеушілердің МӘМС жарналарын ай сайын төлеу құқығы сақталды. Естеріңізге сала кетейік, 2022 жылғы дербес төлеушілер ай сайын ең төменгі жалақы мөлшерінің 5%-ы көлемінде – 3 мың теңге жарна төлейді. Егер медициналық көмек көрсету сапасына қатысты сұрақтарыңыз болса, сіз өз емхананыздағы пациенттерді қолдау қызметіне жүгіне аласыз. Егер жағдайды сол жерде шешу мүмкін болмаса, Өлеуметтік медициналық сақтандыру қорына өзінше ыңғайлы байланыс арналары арқылы хабарласа аласыз: fms.kz ресми сайты, 1406 байланыс орталығы, Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы және Telegram-дағы SaqtanduryBot. Дел осы құралдар сақтандыру мәртебесін тексеруге мүмкіндік береді. Сондай-ақ медициналық сақтандыру жүйесіндегі өз мәртебеніңізді тексеріп, ҚР электронды үкіметі egov.kz сайтындағы «Денсаулық сақтау» бөлімінде «Медициналық қызметтер туралы және МӘМС-ға аударылған сомалар туралы ақпарат» мемлекеттік қызметі арқылы жүргізілген төлемдер туралы біле аласыз. **Думан АНАШ,** «Егемен Қазақстан»

